



БҰЙРЫҚ

2019 ж. 4 сәуір

Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ 15

город Павлодар

МДҰ-да балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы»

МДҰ-да балаларды үйлестірілген тамақтанумен қамтамасыз ету, мәзірге сәйкес тағамдарды дайындау технологиясын, нормалары мен құнарлылығын қатаң сақтау, сондай-ақ МДҰ-да балаларды тамақтандыруды ұйымдастыруды бақылауды жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Тамақтандыруды ұйымдастыруды бақылауды жүзеге асыру мақсатында келесі құрамда комиссия құрылсын:
 - А. Т. Қазыбаева - басшы - төрайымы;
 - Ж. Т. Култанова - диетбике – комиссия мүшесі;
 - Қ. Е. Еңсебаева- кәсіподақ комитетінің төрағасы – комиссия мүшесі;
 - А. А. Темиргалиева - әдіскер– комиссия мүшесі;
 - А.А. Анафина – бухгалтер- комиссия мүшесі;
2. Балаларды тамақтандыруды санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен айқындалған жас ерекшеліктерін, МДҰ – да жұмыс режимін және еселік тамақтандыруды ескере отырып ұйымдастыру:
 - 2.1. «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» (ҚР ұлттық экономика министрінің 17.03.2015ж. № 217 бұйрығымен бекітілген) (бұдан әрі - СанҚмН) санитариялық қағидаларында бекітілген нормалар мен азық-түлік бағасына сәйкес тамақтану күнінің құны есептелсін.
 - 2.2. Баланың бір күнгі тамақтану нормасы орындалсын, жауапты болып аспазшылар А.Мергенбаева және А. Макишева тағайындалсын.
3. СанқмН мен функционалдық міндеттемелерге сәйкес диетбике Ж. Култановаға тиімді тамақтануды ұйымдастыру үшін жауапкершілік жүктелсін:
 - 3.1. Алдағы күннің қарсаңында мәзірде көрсетілген мәзір-тапсырыс құру.
 - 3.2. Мәзір-тапсырысты құру кезінде мына талаптарды ескеру керек:
 - сәби, бөбек жасындағы балаларға арналған нормаларды анықтау, 3 жасқа дейінгі, 3- 5 жастағы, 5 – 7 жастағы балаларға арналған үлестің шығым-салмағын жазып қою;
 - тізімде болмаған жағдайда мәзір бланкісінде азық-түліктің атауын толықтырып жазу;

